

Отчужденность людей к праву должно сниматься в демократическом обществе, где государство защищает гражданское общество.

Когда в формировании права граждане не принимают участия, они неизбежно становятся апатичными и отчужденными. Навязывая свою волю, в которую не входит в качестве одной из ее составляющих воля большинства граждан, государство тем самым навязывает корпоративный, кастовый интерес бюрократическим группам, поэтому и право выражает эти групповые интересы. Нормальное же право должно основываться на интересе не отдельных страт, групп, элиты и так далее, но – личности, «среднестатистического», «типичного» индивида. Такое право будет не государственно – корпоративным, а либеральным. Демократия, стремящаяся к преодолению отчуждения, должна иметь в своей основе четко отрегулированное либеральное право, способное к функционированию в условиях рынка и гражданского общества. Устранение правового нигилизма возможно в результате развития гражданского общества, в рамках которого и возможно правовое общение.

Подлинный правопорядок не устанавливается государством, а складывается в недрах гражданского общества, члены которого на собственном опыте убеждаются, что лишь так они могут гарантировать свою свободу, безопасность и собственность.

1. Азми Д.М. Э. Фромм о праве // Право и политика. – 2000. - №8. – С. 45

In this paper the author considers the fight against legal nihilism, and believes that the elimination of legal nihilism may result in the development of civil society, under which and possibly legal communication.

С.А. Сартаев

ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАСЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГУМАНИЗМ ҚАҒИДАСЫ

Еліміздің тәуелсіздігіне жиырма жыл толу қарсаңында қол жеткізген жетістіктеріміздің ішінде ізгілендіру бағытына қарай дамып келе жатқан құқықтық үдерістердің орны ерекше екенін атап өту керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялайды. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау мемлекет міндеті болып табылады. Әрі қарай, Конституцияның 17 бабында «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» [1] делінген, яғни жеке тұлғаның қадір-қасиеті мемлекетпен қорғалады. Аталған нормалар гуманизмнің жалпы құқықтық қағидасын қалыптастырады.

Біздің қоғам өмірін, соның ішінде құқық саласын тереңдеп гуманизациялау қажеттілігінің өсуіне қарамастан, бұл түсініктің нақты мазмұнының айқын көрінісі жоқ екені жасырын емес. Арнайы әдебиеттерде бүгінде «гуманизм» терминін талқылауда көзқарастардың бір жерде тоғыспай жатқанын анық көруге болады. Сондықтан да бастапқыда заңды жауапкершілік гуманизмі мәселелерін зерттемес бұрын, гуманизм түсінігінің өзін қарастырып өту қажеттілігі ұсынылады.

Гуманизм батыс философиясындағы елеулі бағыттардың бірі ретінде түсіндіріледі. Ол Қайта Өрлеу дәуірінде (XV-XVI ғ.) пайда болып, XVIII ғ. ағартушылардың еңбектерінде шырқау шыңына жеткендігін байқай аламыз. Реформация дәуіріндегі Еуропадағы ұзақ азаматтық және діни соғысы үрдісінде жаулап алынған буржуазиялық құқықтар мен міндеттерден көрініс тапты. Ол адамға жаңа заңды мәртебе өзінің «шынайы» табиғатын бекіту мен дамытуы үшін қажет еді [2].

Марксизм көзқарасы бойынша, адамдар арасында шын мәнінде гумандық қатынастар орнату үшін, рақымсыздықты туғызатын талаптарды өзгерту қажет [3].

XIX-XX ғ. гуманизм мәселелерін талдайтын жаңа философиялық ағымдар туындайды.

Персоналистік философия «трагедиялық гуманизм» түсінігін алып келді. Адамның қоғамдағы өмірін зерттей отыра, персоналистер адамзат болмысында, яғни, индивид пен жеке тұлға; тұлғаның ішкі тұрақтылыққа ұмтылуы және оның әлемге басқаларға, құдайға ашылуы, өмір мен өлім сияқты трагедияның болуына негіз бар деп есептейді. Ал адамның барлық сыртқы трагедиялары (ауру, өлім, соғыс және басқа) адамның ішкі қайғысының кескіні ғана. Персоналистік философияның маңызды тұжырымы – қоғамдық прогресс критерийі – адам болып табылады.

Экзистенциализм де өз кезегінде гуманизмді философияның орталық категориясы ретінде қарастыра отырып, адамзат тұлғасын зерттеуге көңіл бөледі. Экзистенциалды гуманизм әрбір адамзат баласының қайталанбастығына және олардың бостандығына ерекше назар аударады.

«Радикалды гуманизм» атауын алған жаңа философиялық ағымды Фромм атымен байланыстырады. З. Фрейд, К. Маркс, Баховен ілімдерін талдау негізінде Фромм адамзат тұлғасының құндылығы мен жеткіліктілігі, оның сыртқы әсерлерге бағынышты еместігі жөнінде қорытындыға келеді.

Заманауи қоғамдық ғылымдар көзқарасы бойынша гуманизм – мәні адам адамға жоғары құндылық ретінде қарауы, қатынасы болып табылатын қоғамдық болмыс пен сананың түбірлі сипаты деп есептеледі. Ол альтруизмнен, жақсылық істеуге ұмтылу, мейірімділік, қайғыға ортақтасу, айналадағыларға көмектесуден көрініс табады.

Мемлекет және құқық теориясы жұмыстарының барлығында дерлік гуманизм қағидасы қарастырылады. Мысалы, О.И. Цыбулевская гуманизм деп жеке тұлғаға, оның абыройы мен құқықтарына деген сый-құрметпен байыпталған қоғам мен құқыққа деген тарихи өзгермелі орныққан пікірлер жүйесі [4] - деп пайымдайды. Аталған қағиданың қоғам мен жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасын көрсететінін баса көрсетеді, ол өз кезегінде заңдылық, мемлекеттің қылмыстық және еңбекпен түзеу саясатының ажырамас белгісі болып табылады.

Гуманизм идеясына түрлі тұрғыдан келуге болатынына қарамастан, олардың ішінен жалпыға ортақ белгі шығаруға болады. Мұндай жалпылама бастама, біздің көзқарасымыз бойынша келесідей болмақ: біріншіден, гуманизм жалпы қоғам тарапынан болсын, жекелеген индивидтер тарапынан болсын адамға деген белгілі-бір қатынаспен байланысады; екіншіден, мұндай қатынас Адамды жоғары құндылық ретінде мойындауға негізделеді. Ал ол өз кезегінде азаматқа тиесілі өмір, денсаулық және ар-ождан сияқты материалдық емес игіліктерді мойындаудан, сыйлаудан және қорғаудан, сондай-ақ тұлғаға қатысты барлық мүмкін деген жүріс-тұрыстың жеңіл, жұмсақ түрін таңдаудан көрінеді. Міне осы жайттар, біздің көзқарасымыз бойынша көзқарастар жүйесі ретінде гуманизм негізін құрайды.

Жария құқықта жауапкершілік гуманизмі идеясы барлық дерлік нормативтік актілерде нормативті көрінісін тапты. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 38бабы [5] бойынша қылмыс жасаған тұлғаға қолданылатын жаза мен басқа да қылмыстық құқықтық сипаттағы шаралар, физикалық азап шектіруді немесе адамның ар-ожданын қаралауды мақсат тұта алмайды, немесе ҚР Конституциясының 17бабында «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» делінген. Заңды жауаптылық қағидасы ретінде гуманизмге қатысты мұндай ереже адамның ар-ожданын қорлайтын немесе физикалық азап шектіруді көздейтін жауапкершілік шараларын, тек қана гуманды жауапкершілік шаралары бекітілу тиіс заңды қабылдау сатысында-ақ алынып тасталады.

Жеке құқықта гуманизм қағидасы тікелей бекітілмеген, алайда ол азаматтық құқықтық жауапкершілік туралы нормалардың мазмұнын талдау барысында шығарылып, заңмен қарастырылған жауапкершілік шаралары қатал сипатта емес екендігімен, борышқор тұлғаның ар-ожданын қорлауға бағытталмағандығымен және олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді көздемейтіндігінен көрініс табады.

Заңды жауапкершілік институтының нормаларындағы гуманизм қағидасын жүзеге асыру тұрғысындағы даулы сұрақтардың бірі болып өлім жазасы мәселесі табылады. Әрекет етіп тұрған қылмыстық заңда жазаның аталған түрі тек қана аса ауыр қылмыстарға тағайындалатын жаза деп қарастырады.

Өзінің табиғаты бойынша өлім жазасы тұлғаға терең психикалық азап келтіріп, тұлғаны физикалық тұрғыда жоюмен байланысты болғандықтан антигуманды екенін мойындауымыз керек.

Конституциясының 15бабының 2тармағында өлім жазасына қатысты маңызды тұжырымдамалар бар. Баптың тұжырымдары өлім жазасын реттеуші халықаралық құқық нормаларына сай келетініне баса назар аудару қажет. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс елдерінде күшейген өлім жазасын тоқтату қозғалыстары, ақырындап бірқатар маңызды халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес ұсыныстар енгізілуіне алып келді. Қазіргі уақытта БҰҰ мақұлдаған құжаттарда, өлім жазасымен жазаланатын қылмыстық істердің шеңберін шектеу қажеттілігіне баса көңіл бөлінеді. Мысалы, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде «Өлім жазасы алынып тасталмаған елдерде, өлім жазасы тек аса ауыр қылмыстар үшін ғана тағайындалады» делінген (6 б. 2 т.).

Қазақстан Республикасы Президенті 1994 жылы наурызда бекіткен Құқықтық реформа бағдарламасының өзінде-ақ өлім жазасын кезең-кезеңмен жоюдың перспективасы нақты белгіленген болатын. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында-ақ ұрлық, жалған ақша жасаушылық, валюталық операциялар туралы ережелерді бұзушылық, қарақшылық түзеу мекемелердің жұмысына іріткі салатын әрекеттер, зорлау мен пара алу үшін өлім жазасы заң жүзінде жойылды. ҚР Конституциясының өлім жазасына қатысты 15бабының 2тармағы өзінің әрі қарай дамуы 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жаңа Қылмыстық кодексті қолданысқа енгізілуімен байланысты болды, онда өлім жазасы бейбіт кезде іс жүзінде ауырлататын мән жайларда қасақана кісі өлтіргені үшін ғана сақталады.

Ең алдымен Конституция талап еткендей, өлім жазасымен жазаланатын қылмыс шеңбері түпкілікті түрде қысқарған. Қылмыстық кодекстің 49 бабына сәйкес жазаның ерекше түрі ретінде өлім жазасы адамның өмірін қиюмен байланысты, сондай-ақ соғыс уақытында немесе соғыс жағдайында, мемлекеттік опасыздық (сатқындық), бейбітшілік пен азамат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, аса ауыр әскери қылмыстар жасалған үшін тағайындалады. ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінде мұндай қылмыстарға мыналар жатқызылған: қасақана кісі өлтіру (96 б. 2 т.), агрессиялық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу (156 б. 2 т.), соғыс жүргізу де тыйым салынған құралдар мен әдістерді қолдану (159 б.), геноцид (160 б.), жалдап кісі өлтіру (162 б.), мемлекетке опасыздық (165 б.), мемлекеттік қайраткер немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық (167 б.), диверсия (171 б.), сот әділдігін жүзеге асырушы немесе алдын-ала тергеуді жүзеге асырушы тұлғаның өміріне қастандық (340 б.), билікті теріс пайдалану (380 б.), соғысты жүргізу құралдарын қарсы жаққа беру немесе қолдану (383 б.) [5].

Өлім жазасы үкімін шығару мүмкіндігін қарастырушы жоғарыда келтірілген баптардағы санкциялар, соттың өлім жазасы немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі балама жазаны тағайындауға жол береді.

Өлім жазасын айыптыға тек барлық судьялардың бірауыздан шығарған шешімі бойынша тағайындау, ал үкімді ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін ғана орындау туралы ережелер заң жүзінде бекітілді.

Өлім жазасын тағайындау туралы үкім шығарылу мүмкіндігін елеулі түрде ҚР Қылмыстық кодексінің 49 б. 2 т. қысқартады. Онда өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі қылмыс жасаған тұлғалар, сот үкімі шыққан сәтте 65 жасқа толған ер азаматтарға тағайындалмайды деп бекітілген. Өлім жазасына кесілген тұлғаның кешірім жасау туралы өтініш етуге (ҚР Президентіне) құқығы бар.

Көптеген әлеуметтік сауалнамалар біздің ел халқының басым көпшілігінің өлім жазасын толық жоюға әлі ертерек деп санайтындығы қуаттады. Қоғам пікірі ескеріле отырып, жазаның ең ауыр түрін қолдануды одан әрі шектеуге кезекті қадам ретінде өлім жазасын орындауға мораторий таңдап алынды. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің қылмыстық саясатын одан әрі ізгілендіру мақсатында Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий еңгізу туралы Жарлығын қабылдады [6]. Мемлекет басшысының бұл Жарлығы қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру туралы ҚР Құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыруға бағытталған қадам болды. Жарлық бойынша сол уақытқа дейінгі өлім жазасына кесілген қылмыскерлерге балама жаза ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру жүктелді.

Осыған байланысты Қазақстанда бүгінде өлім жазасы де-юре ғана бар деген қорытындыға келе аламыз.

Осындай түрде, барлық айтылғандар ҚР заңдарында мұндай санкцияның формальды түрде болғанына қарамастан қазақстандық құқық жүйесінде бекітілген заңды жауапкершілік шаралары қатарына фактілі түрде кірмейді, демек гуманизм жалпыға бірдей, яғни барлық құқық салаларына таралатын заңды жауапкершілік қағидасы деп есептеуге негіз береді.

Алайда заңды жауапкершілік шаралары гуманизмі гуманизм қағидасының жалғыз ерекшелігі емес. Мұнда заңның кері күші, оның заңды жауапкершілік гуманизмі қағидасына сәйкес келуі немесе келмеуіне байланысты жол берілуі не берілмеуі жөнінде әңгіме болып отыр. Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңының 37бабына [7] сәйкес гуманизм қағидасымен заңның кері күшіне жол берілуі немесе берілмеуіне байланысты 3 жағдайды айтуға болады:

1. Жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күші болмайды;
2. Жауапкершілікті жоятын заңның кері күші болады;
3. Жауапкершілікті жеңілдететін заңның кері күші болады.

Мұнда жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігі туралы ереже гуманизм қағидасының көрінісіне, ал жауапкершілікті бекітетін заң - әділеттілік қағидасының көрінісіне жатқызылуы арнайы түсіндіруді талап етеді.

Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайды. Жауапкершілікті бекітетін заңның кері күшіне жол берілмеуі әділеттілік қағидасына жатқызылады, өйткені қарама-қайшы норманың әрекет етуі жағдайында теріс қылықтың жасалу сәтіндегі қоғамдық пікір мен тұлғаға жауапкершілік шараларын қолдану арқылы теріс әсер етудің арасында сәйкестілік, ара қатынас бұзылатын еді. Ал жауапкершілікті күшейту орын алса жағдай басқаша болар еді. Мұнда әлдебір әрекетке негативті, заңсыз деген пікір беріп қойылған. Сондықтан жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігін әлдебір теріс қылықты қоғамның бағалауын өзгерте отырып түсіндіру өте қиын. Сәйкесінше бұл норманың заңда болу себебін басқа жақтан іздеу керек. Біздің пікіріміз бойынша мұндай себепті, заң шығарушының жағдайды реттеуге мүмкіндігі бар екі варианттың мейлінше жеңілдеуін таңдауында деп түсіндіруге болады. Осыған байланысты жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігі нормасының қайнар көзі жауапкершілік гуманизмі қағидасы болып табылады деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе заңды жауапкершілік гуманизмі қағидасының мәнін біріншіден, заңмен бекітілген заңды жауапкершілік шаралары тұлғаға физикалық тұрғыда азап келтіруді, ар-ождан, қадір-қасиетті қорлауды мақсат тұтпайды, екіншіден, жауапкершілікті жоюын немесе жеңілдететін заңның кері күшіне жол берілгенде жауапкершілікті ауырлататын заңның кері күшіне жол берілмейтіндігімен түсіндіруге болады.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Жеті Жарғы, 1995. – 96 б.
2. Франк С.Л. Духовные основы общества. Введение в социальную философию // Русское зарубежье. Л., 1991. – С. 254.
3. Маркс К. Энгельс Ф. Сочинения. 2-е издание. – Т. 46, ч. 1. – С. 214.
4. Цыбулевская О.И. Юридическая ответственность // Теория государства и права / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М., 1997. - С. 680.
5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ. 2001. – 142 б.
6. Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы 2003 ж., 17 желтоқсан № 1251. // Егемен Қазақстан. - 2002. - 23 желтоқсан.
7. Қазақстан Республикасының Заңы. Нормативтік құқықтық актілер туралы 1998 ж., 24 наурыз N 213. - Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., 2-3, 25-құжат.

This article is devoted to humanization principal's of legal responsibility.

В данной статье рассматривается принцип гуманизма юридической ответственности.

А.М. Каратаева

МЕМЛЕКЕТТІҢ КӨШІ-ҚОНЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Әрбір мемлекет өз халқының саны мен құрамы туралы мәліметтерге мұқтаж.

Қазіргі кездегі мемлекеттік билік күннен күнге халық санының өсіп-өнуіне үлкен назар аударуда. Адам санын есептеу мемлекетке өзінің әлеуметтік функцияларын атқару үшін қажет. Ол өз кезегінде барлық еңбек ресурстарын анықтайды, сонымен қатар, әлеуметтік даму саласында белгілі бір шешім қабылдау үшін және басқа мемлекеттің функцияларын орындау үшін негіз болып табылады.

Халықтың туылым мен өлім көрсеткіштерінің жақсы жаққа өзгеруіне, көші-қон мәселелерін шешуде мемлекет функциясының ролі зор. Демографиялық үрдістер адамның еркінен пайда болмайды. Мемлекет пен құқықтың өзара әрекет етуі өте күрделі үрдіс. Демографиялық үрдістерді жүйелі және жан-жақты талдау үшін мемлекеттік билік қажет. Мемлекеттің әлеуметтік және басқа да функцияларын атқаруда демография өте ауқымды фактор болып табылады. Қазіргі кезде мемлекет функциясы ішінде демография функциясы өте күрделі болып отыр. Себебі қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жаңа, бұрынсоңды болмаған функциялар қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде демографиялық мәселелердің дамуы көп ғалымдарды қызықтыруда. Демографиялық үрдістерді зерттеуші ғалымдар көбінесе оның тек экономикалық қырын зерттеумен айналысуда. Қазіргі кездегі демография ол үлкен ғылым. Ол қоғамның барлық